

ӘОЖ 81'1

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ КОСМОГОНИАЛЫҚ МИФТЕР (АЙ)**

**Кадирхан А.К.**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, магистрант

Жер бетінде адамзаттың пайда болған сәтінен бастап, олардың санасында кез келген заттың я болмаса құбылыстың киесі де, иесі де болатындығы туралы түсінік қалыптасты. Соған сәйкес табиғаттан тыс тылсым күштердің болатындығына да сенім артты. Сол сенімдерінің күштілігі сонша, тіпті ол кейін күнделікті өмірде қолданылатын наным-сенімге, ырымдарға ұласып жалғасын тауып келе жатыр десекте болады. Жалпы адам баласының қоршаған әлемді, өзінің өмір сүрген ортасын тану арқылы оның дүниетанымдық көзқарасы қалыптасады және ол уақыт пен кеңістіктің ырқына қарай өзгеріп, кеңейіп отырады. Мәселен, қазір біз үшін миф болып табылатын құдайлар мен батырлар ежелгі өркениет үшін олар шынайы өмірде бар адамдар болды. Осыдан барып жалпы «миф» деген ұғымның өзі адамзаттың дүниетанымында қашан пайда болды, ол не нәрсе, оны қай дәуірдің (ежелгі немесе жаңа) негізінде қарастыруымыз қажет деген сұрақ туындайды. «Мифтің» өзін бүгінгі жұрт бинарлық оппозиция тұрғысынан қарастырады. Яғни бірі мифті – адамның қиялынан, ойынан туындаған жалған дүние десе, енді бірі керісінше ол белгілі бір халықтың өмір

сүрген ортасы туралы, өз қоғамының ғаламдағы орны туралы, өзі туралы шындығы деп түсінеді. Қоғамның арасында бір-біріне кереғар келетін мұндай пікірлердің болуы заңды. Өйткені ақиқат - дүние жалғаннан, жалған дүние - ақиқаттан тұрады. Мифология ғылымымен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу еңбектерінде де мифке оның пайда болуына байланысты бірізді анықтамалар жоқ. Мәселен, лингвистикалық мектептің өкілдері - Ф.И.Буслаева, А.Н.Веселовский, Я.Гримма, Ф.Мюллер, А.А.Потебня сынды ғалымдар мифті әлеуметтік шындықтың негізінде зерттесе, ал Б.К.Малиновский, А.Р.Рэдклифф-Браун, Г.Спенсер, Э.Б.Тейлор сынды ғалымдар мифті антропологиялық көзқарас тұрғысынан қарастырды. Қазақ мифологиясының атасы С.Қондыбай мифке байланысты мынадай анықтама береді: *«Мифология, миф – ойдан шығарылған қиял емес, ол – өткен заманның адамының шындығын бойына сақтап қалған ата-баба сарқыты. Ол өткенді саналы түрде бұрмалаудың, жалғандықтың ескерткіші емес, бірнеше мәрте бүктетіліп, оралып, ақиқаты мен қатесі қатар өрілген, еріксіз шатасудың тозаңының арасында байқалмай қалған ақиқаттың өрім қамшысы»*. [1, 31] Ғалымның пайымдауы бойынша миф жалған дүниенің емес, шынайы өмірдің айнасы. Яғни кез келген жаңа дүниенің бастауы ол өткен заманның сарқыншақтарына арқа сүйейді. Демек мифті тану үшін, оны түсіну үшін, зерттеу үшін адамзаттың дүниетанымынан тыс қарастыра алмайды екенбіз. Өйткені адам өткен күн мен келер күннің арасын байланыстырушы негізгі арна. Адамның әлемді танудағы алғашқы қадамы арқылы ғылымға миф деген ұғым қалыптасып, орнықты.

Жалпы кез келген халықтың, мәдениеттің тіпті діннің де өз мифі болады. Бірақ осы мифтің таралуы, белгілі болуы әр халықта әртүрлі. Мәселен, кейбір халықтарда мифтік белгілер сол күйінде толығымен сақталған. Мұндай ежелгі мифтік белгілер әсіресе түркітөктес халықтар, оның ішінде түрік, қазақ, татар, башқұрт сияқты халықтардың фольклорында, сөздік қорында, мәдениетінде, өнерінде, мінез-құлқында жақсы сақталса, ал енді біреулерінде мүлдем сақталмай қалған. Тіпті өз халқының мәдениетінен, салт-дәстүрінен, танымынан мифті тани алмай, оны таба алмай жүргендерді де кездестіруге болады. Оған себеп сол халықтың өмір сүрген ортасының, қоршаған әлемінің басқа арнада болуында.

Миф деген жалпы ұғымның өзі адамның санасында ондағы жиі кездесетін негізгі кейіпкерлер арқылы танылады. Мәселен, жалмауыз кемпір, албасты, пері, жын, бақсы, шайтан т.т. Алайда бұл аталған кейіпкерлер мифтің тек бір қырын ғана сипаттайды. Жалпы лингвистикалық, этнографиялық және фольклорлық зерттеулерде мифология және мифологиялық кейіпкерлер үш әлем тұрғысынан қарастырылады: жоғарғы, орта және төменгі. Жоғарғы әлемнің нышандарына әлемді жаратушы Құдай, періштелер, аспан денелері жатса, ортаңғы әлемге төрт аяқты, екі аяқты жан-жануарлар, тіпті оның ішіне сүтқоректілердің жоғарғы класына жататын адамдар да енеді, ал төменгі әлемге жын-перілер, шайтандар жатады. Демек осы әлемнің әрбірінің өзіне сай өмірі, табиғаты және ең бастысы тіршілік ететін адамдары болады. Түркі халықтары арасында әсіресе жоғарғы әлеммен байланыстырылған мифологиялық шығармаларды көптеп кездестіруге болады. Яғни, күннің, айдың, жұлдыздардың тіпті кемпіркосақтың да пайда болуы туралы мифтер типология жағынан классикалық мифтерге жатады. Оларды кейде космогониялық, солярлық, астарльдық мифтер деп те атайды. Бірақ бүгінде көптеген халықтардың шығармаларында аспан денелеріне қатысты мифтік шығармалар космогониялық мифтер деген атауға ие болып, біріздендірілді. Бұл топқа негізінен мынадай мифологиялық нысандар жатады: ай, күн, жұлдыз.

#### **Ай.**

Мифологиялық аспан денелерінің ішінде «Ай» түркі халықтарының негізгі табынатын тәңірлерінің бірі болған. Этиологиялық аңыздарға сәйкес, ай күннің ажырамас бір бөлігі. Аспан денелеріне байланысты қалыптасқан мифтердің басым көпшілігінен алғашқы адамзаттың дүниетанымдық көзқарастарын аңғаруға болады. Яғни олар өздерін табиғаттың құбылыстарымен қатар қойып, бірде өзін Айға, енді бірде күнге теңеп оларға жан бітірген.

Алғашқы адамзат күнделікті тұрмыс-тіршілігінде аспан денелерін бақылай отырып, күндіз малын бағып, ауа-райының өзгеру, өзгермеуін жорамалдап отырған. Түркі халықтарының ішінде әсіресе қазақ пен түркі халықтарында айға байланысты сақталған мифтік туындыларды мәтін тұрғысынан да, сюжет тұрғысынан да өзара салыстыру арқылы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындауға болады. Мәселен, қазақ мәтіндерінде айды –ару, күнді – күйеу деп танып, оларды бір-біріне қосыла алмаған ғашық жандарға теңеп, оларды адам кейпінде суреттейтін мифтік туындылар біршама. Сөзімізге дәлел болу үшін Бабалар сөзінің «Қазақ мифтері» деп аталатын 78-томындағы бір-екі мысалды алға тарта кетсек. Мәселен, «Жер жаһанды жаратқан ай мен күн – бір-біріне қосыла алмаған ғашық-машықтар, ай – ару, күн – күйеу екен...»[2, 29] деп басталатын «Ай мен күн туралы» деген аңызда ай мен күнді адамның өне бойына тән қасиеттермен сипаттап, олардың күнделікті тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі баяндалады. Сол секілді түркі халықтарының мифтік туындыларында ай көбінесе бір образдың негізінде суреттеледі, яғни қыз бейнесінде. Жалпы жаратылыс пайда болған сәттен бастап адамзаттың танымында айдың нұрында қандай да бір дақтардың бар екендігі туралы түсінік қалыптасып, соны білуге ұмтылған. Сол түсініктерінің соңы кейін айдың нұрынан иығында шелегі бар иінағаш ұстап тұрған бір арудың бейнесі көрінеді деген аңызға айналып, елден-елге тараған. Мәселен, түрік мифтерінде айдың бетіндегі дақтарға байланысты мынадай бір аңыз бар:

Annesiz bir kız varmış, şu taşırmış sırikla,  
Geceleri ağlarmış, soğuktan hıçkırıkla:  
“Ey güzel ay, ey kutsal, ne olursun beni al!  
“Burayagelsuyadal, eşyapbenigögeSal!”  
Dermişkızhaykırırmış, hep ayayalvarırmış,  
İmdadaçağırırmiş, sesigöğevarırmış.  
Çoksoğukbirgeceymişkızıyinesuyagitmiş,  
Aydagecegökteymiş, kızıçınyereinmiş.  
Ayhemenkızialmış, taevinegötürmüş,  
Ayherdolunoldukçabukızaydagörünmüş [3]

Бұл туынды да келтірілген сюжет қазақ мәтіндерінде де сол қалпын сақтаған, кейде тіпті олар бір аңыздың аудармасы сияқты көрінеді. Қазақ мәтіндерінде: «Ертеде бір кісінің әйелі өліп, бір ұл, бір қызы қалады. Ол кісі үйленіпті. Өгей шеше балаларға күн көрсетпейтін болыпты. Бір күні екі баланы жеті түнде өзеннен су әкелуге жұмсайды. Балалар ойнап кешігіп қалса, өгей шешесі: «Құрып қалғыр, бұл балаларды Күн бе, Ай ма біреуі алып кетсін!» - деп қарғапты. Бұл қарғыс құлағына жеткен Күн мен Ай аспаннан төмен қарай сорғалап түсіп келе жатады. Оны байқаған ұлы өзен жағасына барып тығылып, Күн оны таба алмай қалыпты. Ал Ай бір қолымен талдан ұстап, екінші қолымен иығындағы шелегі бар иінағашты ұстап тұрған қызды тұтас көтеріп, алып кетіпті. Содан әлгі қыз талы, иығындағы шелегі бар иінағашымен айдың жүзінде қара дақ болып тұрып қалыпты» - деп аңыз аяқталады [2,35]. Қарап отырсақ, екі туынды желісінде де адамзат баласы Ай мен күнді киелі санап, олардың бойында қандай да бір құдіретті күштің бар екеніне сеніп, оларға қол жайып тілеп отырған. Жалпы ескі түріктердің сенімі бойынша Ай мен Күн адамдарға тек жақсылық әкелетін, оларды жамандықтардан қорғап отыратын қасиетті күш иелері болған. Яғни қазақ және түрік мәтіндеріндегі аспан денелері иелерінің сол заманда олар адамзаттың танымында антроморфизмдік сипатқа басым болғандығын аңғаруға болады. Сондықтан жоғарыда айтылғандай, айдың да беті (ayın yüzeyleri), құлағы (ayın kulakları), басы (ayın başı) және т.б. болған. Тіпті кейде ай туды болмаса ай батты (ay doğdu) деген тіркесті де жиі естіп жатамыз. Бұл сонау көне заманнан келе жатқан Айға құлшылық ету, сәлем беру керек деген ежелгі наным-сенімдердің негізінде қалыптасқан түсініктер жүйесі деп айтсақ болады. Яғни жаңа ай туғанда түркі халықтарының арасында әуелі Айға сәлем беріп, одан кейін бір-біріне жақсы тілек тілеп, жақсы сөздер айтып отырған. Жалпы тіліміздегі «Ай» сөзі түркі халықтарының (түрік, башқұрт, татар, қырғыз, әзірбайжан) арасында да сол қалпында өзгеріссіз қолданылады. Ай сөзінің этимологиясына келетін болсақ, Т.Жанұзақов мынадай

бір пікір айтады: «Біріншіден, Ай ертеден, көне заманнан-ақ әдемілік пен сұлулық-көркемдік символы болған, оған жұрт табынған, қасиет тұтқан. Ежелгі түркі тайпаларының көк пен аспанды, Ай мен Күнді «қасиетті, құдіретті, тәңірі» санап, оларға табынғаны тарихтан белгілі. Оған тіліміздегі аја «әдемі», «әсем», осман түркілеріндегі аја «қасиетті» және ајас «таза, ашық аспан», ајас көк қолданылуы айқын да анық айғақ. Екіншіден, «ай» сөзінің көне тұлғасы, түпнұсқасы ајас- аја сөздері болғаны, олардың заман ағымына сай өзгере келіп, соңғы дыбыстары жоғалып, түсіп қалғаны байқалады. Оның фонетикалық өзгеру схемасы ајас ≥ аја ≥ ај болуы мүмкін деп болжаймыз» [4,47]. «Ай» сөзінің қазақ және түрік тілдеріндегі қолданыса келетін болсақ, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Ай» сөзінің 2 лексикалық мағанасы бар. 1. Түнде жарық сәуле шашып тұратын аспан денесі. 2. Жылдың он екіден бір бөлігін қамтитын мезгіл, отыз-отыз бір күндік мерзім [5]. Ал түркі тілінің үлкен түсіндірме сөздігінде «Ай» сөзінің мынадай мағыналық топтары көрсетілген:

Ау

\* Yeryuvarlağınınuydusuolangökcismi, kamer.

(аспан денесі, жер серігі)

\* Yılın on ikibölümünden her biri.

(жылдың он екі айға бөлінуі)

\* Art ardagelenikiyeni ay arasındageçensüre.

(екі жаңа туған ай арасындағы деконструктивтік уақыт)

\* Bir ayın herhangi bir gününden ertesi ayın aynıgününe kadar geçen veya yaklaşık 30 gün olarak kabul edilen süre

(айдың кез келген күнінен келесі айдың сол күніне дейінгі 30 күндік мерзім) [6].

Қарап отырсақ, қазақ және түркі тілдерінің сөздіктерінде «Ай» сөзіне берілген анықтамалардың арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Сонымен қатар қазақ және түркі тілдеріндерінің омонимдер сөздігінде «Ай» сөзінің қолданылуында да ұқсастықтар бар, яғни екі сөздікте де «Ай» сөзі бірде аспан денелерінің атауы ретінде жұмсалады, енді бірде 30 күндік мерзімді көрсететін уақыт бірлігін білдіреді. Сондай-ақ «Ай» сөзі бүгінде антропонимдік атауларды жасауда ең жиі қолданылатын негізгі түбірлесек те болады. Мәселен, «Ай» түбірімен келетін қазақ халқында Айсұлу, Айкүміс, Айгүл, Айгөлек және түркі халықтарында Аубике, Аусан, Ауса, Ауласияқтыкөптеген кісі есімдері бар. Әдетте мұндай есімдер баланың ай сияқты сұлу, көркем, жарқырап жүрсін деген ниетпен ырымдап қойылады. Бірақ түркі халықтарының арасында «Ай» сөзімен келетін есімдер балаға ауыр болады деген де түсінік қалыптасқан. Егерде қайтыс болған баланың есімінде «Ай» сөзі қолданылатын болса, олар «ісімі ағır oldu» яғни «есімі ауыр болды, көтере алмады» деп болжаған [7,76]. Алайда қазақ халқының танымында бұл түсінік діни есімдерге байланысты ғана қалыптасқан. Мәселен, Пайғамбардың есімін балаға бергенде, оны өз есімімен атамай, еркелетіп, басқаша ат беретін болған. Сонымен Айға табыну, оны киелі санау түркі халықтары арасында ертеден қалыптасқан көне дүниетанымдардың бірі екенін жоғарыда айттық. Осындай дүниетанымдардың негізінде тілімізде бірнеше тұрақты тіркестердің (мен ұрлыққа шыққанда ай жарық) қалыптасып, орныққанын да білеміз. Мұндай тіркестер түркі тілдерінде де кеңінен қолданылады екен gökyüzünde ay varken kimse hırsızlığa gelmez. Бір қызығы, түркі халықтарының арасында Айды киелі деп санап, оны тіпті мемлекеттік символға айналдырғандары да бар. Мәселен, түркі халықтарының туында жарты ай мен жұлдыздың бейнесі орналасқан. Жалпы Ай түрік мәдениетінде сұлулықты бейнелейді, ал бұқа мүйізінің бейнесінде келетін жарты ай күштің, мықтылықтың белгісі. Жұлдыз бұл сәттіліктің белгісі. Демек жұлдызы жоғары, айдай жарық мемлекетпіз деген мақсатпен түркі халықтары ай мен жұлдызды символикалық белгілерге айналдырған.

Қорытындылай келе, жалпы қазақ халқы болсын, түркі халықтары болсын олардың танымында көне мифтік сарындар жалғасын тауып келе жатыр. Әрбір қоршаған әлемнің, жаратылыстың киесі болатынына сенген әлі де соған сенім артады.

1. Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. – Алматы, Арыс, 2008 – 520 б.
2. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т.78: Қазақ мифтері. – 448 б.
3. Türk Mitolojisine Göre Güneş, Ay ve Yıldızlar. <https://www.sonsuz.us/turk-mitolojisine-gore-gunes-ay-ve-yildizlar/>
4. Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. – Алматы: «Арыс», 2006. – 168 б.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 967 б.
6. BüyükTürkçeSözlük
7. Хисамитдинова Ф.Г. Мифологическая лексика башкирского языка (в этнолингвистическом освещении). – Уфа: ИИЯЛ УНЦ РАН. 2016. – 400 с.